

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 14 (866) 25 наурыз 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha\_tan@list.ru

## ЕЛІМІЗГЕ ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – НАУРЫЗ КЕЛДІ!

Алматы қаласына жұмыс сапарымен келген Президент «Астана» алаңында өтіп жатқан мерекелік шараға арнайы барды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқын Ұлыстың Ұлы күнімен құттықтап, Наурыздың ежелден жақсылық пен жасампаздықты дәріптейтін мереке екенін атап өтті.

– Эз Наурыз – береке-бірліктің, шынайы жанашырлықтың және өзара қамқорлықтың мейрамы. Мен бүгін Ұлы күнін өздеріңізбен бірге қарсы алу үшін Алматы қаласына арнайы келдім. Алматы – Тәуелсіздігіміздің алтын бесігі. Халқымызға қайта оралған Ұлыс тойын мерекелеу осы қастерлі мекеннен басталған. Алматы – Қазақ елінің рухани, мәдени және іскерлік орталығы, – деді Мемлекет басшысы. Президент зиялы қауымның және өнер, білім, ғылым, бизнес салалары өкілдерінің Алматы шаһарында шоғырланғанына тоқталып, қаңтар оқиғасы кезінде қала тұрғындарының зор қауіп-қатерге төтеп бергеніне ерекше мән берді.

– Сын сағатта тұрғындар нағыз отаншылдықтың үлгісін көрсетті. Біз ауызбіршіліктің арқасында мемлекетімізді сақтап қалдық. Мен шаһарды қалпына келтіру үшін құзырлы органдарға нақты тапсырмалар бердім. Алматыны өркендету және жергілікті жұрттың тұрмыс сапасын жақсарту менің айырықша назарымда. Қазір біздің алдымызда зор міндеттер мен ауқымды жұмыстар тұр. Оны жүзеге асыруға алматылықтар барынша атсалысады деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанымызға тоқталып, өзінің халыққа Жолдауында айтылған көлемді реформалар елімізді түбегейлі жаңғыртуға бағытталғанын атап өтті. Президент бүгінгі мерекелік күннің жаңа өзгерістерге бастауына, тұғыры мығым, бірлігі бекем еліміздің жасай беруіне тілектестік білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтау сөзінен кейін жиналған жұртшылықпен бірге мерекелік концертті тамашалады.

www.akorda.kz



**Наурыз – Жаңа күн. Күн мен түннің теңесуі. Жаңа жылдың дүниеге келуін айғақтайтын Жаңа күн. Осы күннен жаңару басталады. Табиғат жаңарады. Наурыз мерекесі құтты болсын, ағайын!**

## ЖОЛДА САҚ БОЛЫҢЫЗДАР! САПАРЛАРЫҢЫЗ СӘТТІ БОЛСЫН!

Ауа райының нашарлауына байланысты (боран, көрініс шектелуі) Республикалық маңызы бар бірқатар жолдарда қозғалысқа ауқатша шектеу енгізілді, атап айтқанда:

### Ақмола облысы бойынша

"Жезқазған-Петропавл" а/ж 377-440 шақырымы, Қостанай облысының шекарасы мен Державинск қаласының аралығы

### Павлодар облысы бойынша

"Нұр-Сұлтан-Ерейментау-Шидерті" а/ж 200-254 шақырымы, Шидерті қаласы мен Ақмола облысының шекарасы аралығы  
"Нұр-Сұлтан-Ерейментау-Шидерті" а/ж 16-200 шақырымы, Нұр-Сұлтан қаласы мен Павлодар облысының аралығы

### Шығыс Қазақстан облысы бойынша

"Қарағанды-Аягөз-Бұғаз" а/ж 707-941 шақырымы, Аягөз қаласы мен Бұғаз ауылы аралығы

### Қарағанды облысы бойынша

"Жезқазған-Петропавл" а/ж 142-252

шақырымы, Сарлық ауылы мен Қостанай облысы шекарасының аралығы

### Қостанай облысы бойынша

"Жезқазған-Петропавл" а/ж, 252-340 шақырымы, Қарағанды облысы шекарасы мен Арқалық қаласының аралығы.  
"Жезқазған-Петропавл" а/ж 340-377 шақырымы, Арқалық қаласы мен Ақмола облысының аралығы

Қазіргі таңда қауіпсіз және үздіксіз жол қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында тәулігіне 24 сағат жұмыстар жүргізілуде. Осы орайда, Қазақавтожол Серіктестігінің 1090 бірлік арнайы қысқы техникасы мен 3500-ден астам қызметкерлері жұмылдырылған.

Боран қаһарына мініп тұрған соңғы 5 күннің ішінде жолшылардың күшімен 100-ден астам көлік құралына көмек көрсетіліп, олардың 37-сі жылы бокстарға жеткізілсе, 500-ден астам жолаушы Серіктестіктің жылыту пункттеріне орналастырылды.

В связи с ухудшением погодных условий (метель, ограничение видимости), на ряде дорог республиканского значения введено временное ограничение движения, а именно:

### Ақмолинская область

а/д «Жезказган-Петропавловск» км. 377-440, уч. гр.Костанайской обл.-г.Державинск

### Павлодарская область

а/д"Нур-Сұлтан-Ерейментау-Шидерты" км 200-254 уч.п. Шидерты гр.Ақмолинской области)  
а/д"Нур-Сұлтан-Ерейментау-Шидерты" км 16-200 уч. г.Нур-Сұлтан - гр.Павлодарской области

### Восточно – Казахстанская область

а/д «Қарағанды-Аягөз-Бұғаз» км. 707-941, уч. г.Аягөз-пов. на с.Бұғаз

### Қарағандық облыс

«Жезказған-Петропавловск» км. 142-252, уч. с.Сарлық-гр. Костанайской области.

### Қостанай облысы

а/д «Жезказған-Петропавловск» км. 252-340, уч. гр.Қарағандық облыс-г.Арқалық.  
а/д «Жезказған-Петропавловск» км. 340-377 уч. г.Арқалық-гр.Ақмолинской обл.

В круглосуточном режиме ведутся работы по обеспечению безопасного и бесперебойного дорожного движения. Задействовано 1090 единиц зимней спецтехники и более 3500 сотрудников Казахавтодор.

Только за эти 5 дней силами дорожников была оказана помощь более 100 транспортным средствам, из них 37 были размещены в тёплые боксы, и более 500 человек были размещены в обогревательных пунктах Товарищества.



## • Мемлекеттік қызмет

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ ТУРАЛЫ



**«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі халықты мемлекеттік қызметтерді ұсыну туралы ақпараттандырады:**

1) «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, күәлік беру»; өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация және жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (бұдан әріде – ЖҚ және ӘББ) арқылы жүргізіледі;

2) «Мүгедектерге протездік-ортопедиялық көмек ұсыну үшін оларға құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация, «электрондық үкімет» веб-порталы, ЖҚ және ӘББ және ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүргізіледі;

3) «Мүгедектерді техникалық-қосалқы құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу» өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация, «электрондық үкімет» веб-порталы, ЖҚ және ӘББ және ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүргізіледі;

4) «Ақталған адамға күәлік беру», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация арқылы жүргізіледі;

5) «Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерді жеке көмекшінің қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация, «электрондық үкімет» веб-порталы, ЖҚ және ӘББ және ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүргізіледі;

6) «Мүгедектерді есту қабілеті бойынша ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу – жылына алпыс сағат», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация, «электрондық үкімет» веб-порталы, ЖҚ және ӘББ және ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүргізіледі;

7) «Мүгедектерді арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация, «электрондық үкімет» веб-порталы, ЖҚ және ӘББ және ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүргізіледі;

8) «Мүгедектерді және мүгедек балаларды санаторлық-курорттық емдеумен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация, ЖҚ және ӘББ және ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүргізіледі;

9) «Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация, «электрондық үкімет» веб-порталы және ЖҚ және ӘББ арқылы жүргізіледі;

10) «Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттар ресімдеу», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация және ЖҚ, «электрондық үкімет» веб-порталы және ӘББ арқылы жүргізіледі;

11) «Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау», өтініштерді қабылдау «электрондық үкімет» веб-порталы, ЖҚ және ӘББ және ауылдық округтер әкімдері арқылы жүргізіледі;

12) «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация және «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүргізіледі;

13) «Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру», өтініштерді қабылдау «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүргізіледі;

14) «Тұрғын үй көмегін тағайындау», өтініштерді қабылдау Мемлекеттік корпорация және «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүргізіледі;

15) «Атаулы әлеуметтік көмек тағайындау», өтініштер қабылдау ЖҚ, «электрондық үкімет» веб-порталы және ауылдық округтер әкімдері арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметтер «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ұсынылады.

Қосымша ақпаратты Қазақстан Конституциясы, 203 мекенжайы бойынша «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде немесе 79-0-47 телефоны арқылы алуға болады, сондай-ақ ұсынылатын мемлекеттік қызметтер туралы мәліметтер «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің [www.ozsp-tsh.sko.kz](http://www.ozsp-tsh.sko.kz) сайтына орналастырылған.

**Тайынша ауданының әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі**

# КОММУНИКАЦИЯ АРНАЛАРЫ

**ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі азаматтармен жедел өзара іс-қимыл жасау үшін барлық мүмкін болатын коммуникация арналарын пайдаланады.**

Халыққа қаржылық реттеушінің, қаржы ұйымдарының, реттелетін субъектілердің қызметі және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттың қолжетімділігі мен толықтығын арттыру мақсатында Агенттікте 2021 жылғы 24 мамырдан бастап +7 727 237 1000 нөмірі бойынша **call-орталық** жұмыс істейді.

Call-орталық арқылы қаржылық қызметтерді тұтынушылар өз құқықтары мен мүдделерін қорғау, қолданыстағы заңнама нормаларын түсіндіру мәселелері бойынша консультациялар ала алады. Сондай-ақ шұғыл сипаттағы мәселелерді тікелей қаржы, микроқаржы ұйымдарымен және коллекторлық агенттіктермен жедел шешуге мүмкіндік туды.

Халықпен жедел өзара іс-қимыл жасау және кері байланысты нығайту мақсатында Агенттікте 2020 жылғы 25 маусымнан бастап **«Fingramota Online» мобильдік қосымшасы** жұмыс істейді.

Ағымдағы жылдың қаңтар айында азаматтар банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша төлемдерді кейінге қалдыруды алуға, кредиттер бойынша мерзімі өткен берешекті қайта құрылымдауға, қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимылға және қаржылық пирамидаларға қатысты сұрақтар қойды.

**Сұрақ:** Айтыңызшы, «кредит бойынша кейінге қалдыру» нені білдіреді? Яғни, егер менің кредитті өтеу мүмкіндігім болмаса, онда мен мерзімін ұзарту үшін өз банкіме жүгініп, қаржылық жағдайым тұрақтанғанша, бірнеше айдан кейін барып кредит бойынша ай сайынғы жарналарға кірісемін бе? Және кейінге қалдыруға өтінішті қай күнге дейін беруім керек?

**Жауап:** Банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша мерзімі өткен берешектің пайда болу жағдайларын болдырмау мақсатында Агенттіктің 2022 жылғы 10 қаңтардағы бұйрығымен Төтенше жағдайды енгізу нәтижесінде зардап шеккен жеке және заңды тұлғалардың қарыздары бойынша төлемдерді кейінге қалдыру тәртібі бекітілді. Кейінге қалдыруды алу үшін Сіз кредиттік ұйымға, Сіздің жағдайыңызда банкке ағымдағы жылдың 4 сәуірін қоса алғанға дейін тиісті өтінішпен жүгінуіңіз қажет, содан кейін кредитор кейінге қалдыру мүмкіндігін беру туралы тиісті шешім қабылдайды.

Кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру:

- қарыз мерзімінің соңына дейін бұрын кейінге қалдырылған төлемдерді біркелші бөлу түріндегі төлемдердің жаңа кестесін белгілеу;

- төлемдер мөлшерін сақтай отырып, қарыз мерзімін ұлғайту;

- кредиттік ұйым қарыз алушымен келіскен банктік қарыз және (немесе) микрокредит шартының талаптарын өзгерту нәтижесінде өзге кесте арқылы беріледі.

Кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру кезеңіне кредиттік ұйым:

- қарыз алушының банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша айыпақыны (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) есептемейді және төлеуді талап етпейді;

- банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша негізгі борыш сомасына есептелген және мерзімі өткен сыйақыны, айыпақыны (айыппұлды, өсімпұлды) капиталдандыруды (жинақтауды) жүзеге асырмайды.

Кейінге қалдыруды ұсынудан негізсіз бас тартылған жағдайда, сіз ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне растайтын құжаттарды қоса бере отырып жүгінуге құқылысыз. Агенттік сіздің өтінішіңіздің негізінде өз өкілеттіктері шеңберінде кредиторға қатысты құжаттамалық тексеруге бастама жасайды және тексеру іс-шаралары аяқталғаннан кейін оның іс-әрекеттеріне баға береді.

**Сұрақ:** Мен жеке кәсіпкермін және микрокредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыруды аламын деп ойлаймын. Кейінге қалдыру қандай кезеңге беріледі және мен МҚҰ-ға қашықтан өтініш бере аламын ба?

**Жауап:** Иә, сіз шағын несие ресімделген микроқаржы ұйымына (бұдан әрі – МҚҰ) өтініш бере аласыз. МҚҰ қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауы немесе төтенше жағдай кезеңінде келтірілген залал туралы ақпарат болған кезде оның микрокредит шарттары бойынша негізгі борыш пен сыйақы бойынша төлемдерін (бұдан әрі – кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру) тоқтата тұрады.

Қарыз алушының кредиті бойынша төлемдерді кейінге қалдыруды кредиттік ұйым 2022 жылғы 5 қаңтардан 5 сәуірге дейінгі кезеңге береді. Сіздің және МҚҰ-ның өзара келісімі бойынша кейінге қалдырудың басқа мерзімі белгіленуі мүмкін. Өтінішті кредиттік ұйымға қашықтан да: электрондық пошта, онлайн-жүйе, интернет-ресурс, мобильдік қосымша, басқа да байланыс құралдары арқылы да, қарыз алушының кредиттік ұйымның кеңсесіне жеке баруы арқылы да жіберуге болады.

**Сұрақ:** Кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру үшін қандай құжаттарды ұсыну қажет?

**Жауап:** Кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру қаржылық жай-күйінің нашарлауын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, кредит бойынша төлемдерді кейінге қалдыру себебін қамтитын еркін нысанда жасалған қарыз алушының өтініші негізінде беріледі. Мысалы, қаржылық есептілік, залалдың фотосы/бейнесі, жұмыс орнынан табысынан айырылу туралы анықтама, ауруханадан анықтама және т.б. Өтініш кредиттік ұйымға 2022 жылғы 4 сәуірді қоса алғанға дейін берілуі мүмкін.

**Сұрақ:** Кредитор маған кредитті қайта қаржыландыруды ұсынады, мен келісемін деп ойлаймын. Сіз қандай кеңес берер едіңіз?

**Жауап:** Қайта қаржыландыруға тек талаптары тиімді болған жағдайда ғана келісуге болады. Яғни, кредитор қайта қаржыландыру кезінде пайыздық мөлшерлемені төмендетуді, артық төлемді азайтуды, ай сайынғы төлемді қысқартуды ұсынуы тиіс. Ешбір жағдайда қарызды жағдайыңызды нашарлататын талаптармен қайта қаржыландыруға болмайды, себебі бұл сізге қарыз алушы ретінде қосымша қаржылық жүктеме тудырады.

Жаңа шартқа қол қоймас бұрын оны мұқият зерделеп, оқып шығыңыз!

Азаматтар Агенттікке мына тәсілдермен жүгіне алады:

1. Қазақстан Республикасының электрондық үкімет порталы (<https://egov.kz/cms/ru>) арқылы «Электрондық өтініштер» сервисінде «Қызметке онлайн тапсырыс беруді» таңдап, растайтын құжаттарды қоса отырып, өтініш мәтінін толтырады;

2. eOtinish электрондық сервисінің (<https://eotinish.kz/>) көмегімен. Өтініш беру eGov қосымшасы арқылы жүзеге асырылады, «өтініш беру» сервисінде «Өтініш» таңдап, өтініш мәтінін толтырады;

3. Агенттіктің мекенжайы бойынша жазбаша түрде: А15С9Т5, Алматы қаласы, Көктем-3 шағын ауданы, 21-үй, немесе Агенттіктің Өңірлік өкілдер басқармасына Петропавл қаласы, Петропавл қаласы Қазақстан Конституциясы көшесі, 6 мекенжайларын мына сілтеме бойынша жазуға болады:

**Сұрақ:** Мен әлеуметтік желілердегі бір компанияның жарнамасын көрдім, ол вайн болды. Біраз уақыттан кейін бұл ұйым қаржы пирамидасы екендігі белгілі болды. Алаяқтықты – қаржы пирамидасы қандай да бір белгілер бойынша қалай анықтауға болады?

**Жауап:** Қаржы (немесе инвестициялық) пирамидасы – бұл жаңадан келген салымшылардан үнемі ақша тарту арқылы құрылымға қатысушылардың кірісін қамтамасыз етудің заңсыз тәсілі. Мұндай құрылымдардың сансыз нұсқалары бар.

Қаржы пирамидасының негізгі белгілері:

1. уәкілетті органның қаржы нарығында ақша қаражатын тарту жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін берілген лицензиясының болмауы. Мұндай лицензияны Қазақстанда ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі береді. Бұл ақпарат жалпыға қол жетімді және оны тексеру оңай – ол қаржы реттеушісінің сайтында орналасқан.

2. ағымдағы нарықтық деңгейден бірнеше есе жоғары және өте жоғары кірістілік туралы уәде беру;

3. жаңа қатысушыларды тарту үшін қаражат төлеу;

4. түрлі «депозиттерге» немесе «инвестициялық» жобаларға салған кезде кірістілікті алуға кепілдік беру. Қазақстанда депозиттер түрінде не қаржы құралдарына инвестицияларды жүзеге асыру үшін ақша қаражатын тек екінші деңгейдегі банктер, Ұлттық пошта операторы және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары (брокерлер-дилерлер және басқарушы компаниялар) тарта алатынын есте сақтаңыз;

5. ақшаны қайтарудың нақты қағидаларының болмауы, бұл да алаңдатарлық жағдай. Сіз өзіңіздің салған қаражатыңызды басқара алуыңыз қажет және қажет болған жағдайда ақшаны шығарып алу мүмкіндігі болуға тиіс.

6. БАҚ-та, Интернетте, оның ішінде әлеуметтік желілерде үсті-үстіне берілген жарнама. Әлеуметтік желілердегі және мессенджерлердегі қатысушылардың оң пікірлеріне сенбеңіз – олар жалған болуы мүмкін;

7. ақпараттың болмауы: құрылтайшылар, құрылтай құжаттары, қаржылық көрсеткіштер және қызмет нәтижелері туралы; есептіліктің болмауы; активтер мен инвестициялау бағыттарының айқын емес құрылымы; ұйым қызметінің нақты анықтамасы жоқ;

8. меншікті негізгі құралдардың, басқа да қымбат активтердің және басқалардың болмауы.

Егер сіз өз ақшаңызды сеніп тапсырғыңыз келетін ұйымда жоғарыда аталған белгілердің кем дегенде бірнешеуі кездессе, сіздің ойланғаныңыз жөн болады, мүмкін олардың сізді қаржы пирамидасына тартпақ ойлары бар шығар. Сондықтан абай болыңыз және қырағы болыңыз!

**ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі**



## ӘЗ - НАУРЫЗ КЕЛДІ ЕЛІМЕ!

Жыл басы саналатын Наурыз – шаттықтың, молшылықтың, бірліктің мерекесі. Бұл күн- жаныңды жадыратар жылылығымен декөптіңкөңілінешуақсыйлайды. Ұлыстың ұлы күні өңірімізде ерекше салтанатпен атап өтілді. Табиғатты иітіп, жер – жағанды түлеткен, жақсылықтың жаршысы болған Ұлыстың ұлы күнінде орталық алаңға ағылған қауымның қарасы қалың болды. Бір-бірімен көріскен жұрт: «Ұлыс оң болсын!» десіп жатты. Киіз үйлер маңында ән салған өнерпаздар, буы бұрқыраған бауырсақ пен тіл үйіретер наурыз көже шынында да көктемнің келгенін, даланың түрленіп, табиғаттың түлеп жатқанын көрсетті.

Наурыз- Тайынша өңіріне де жетті. Оған бірден бір дәлел, аудан көлемінде мерекелік іс шаралар әр ауылда, әр мекеме төңірегінде аталып өтті. Ең бастысы, аудан орталығындағы мерекелік іс-шара- өте жоғары деңгейде өтті. Соңғы екі жылда мерекелеріміз өз деңгейінде өтпеді, халықтың көңілі де көтерілмеген болса, енді міне, бар қиындықтар артта қалып, Жаңа Қазақ елі жаңаша өмірге қадам бастық, деп көңілімізді көтеріп, мақтанышпен айтайық, ағайын! Мереке театрландырылған көрініспен басталып, үлкен концертпен жалғасты. Гүл көктем қыздың, Ұмай ананың елге, жерге деген тілектері әдемі өріліп, Қыдыр ата бата берген соң, арулар тәттілерден шашу шашты. Бұдан соң қалың қауым аудан әкімі Р.Ә.Аңбаевтың құттықтауын қабыл алды. Аудан әкімі жиналған қауымды Наурыз мерекесімен құттықтап, тағылымды мереке түрлі атаумен аталып барлық округте өткендігін атап өтті. Сонымен қатар, Ұлыстың ұлы күнінде өңірімізде болып жатқан жағымды жаңалықтармен бөлісті. Наурыз – кешірім мен мейірім, рухани өрлеу, табиғатпен тұтасу айы. Ендеше, Ұлы күні елдің ырысы мен ынтымағын нығайтып, әр отбасының береке-бірлігін арттырсын. Табысты дамыған елімізге тыныштығы мен жасампаз жақсылығын ала келсін! Мерейлі мереке күні баршаңызға мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбастарыңызға бақыт пен шаттық, дәулет, бірлік пен береке тілеймін. Ұлыс оң, ақ мол, жыл жемісті болсын. Наурыз мерекесі құтты болсын, деді аудан басшысы.

Осыдан кейін аудан басшысы мен қонақтар концерттік бағдарламаны тамашалады. Тігілген киіз үйлерді аралап, жұртшылықпен емен-жарқын пікір алмасып, наурыз көжеден дәм татты.

Сахнадағы қойылымдар арқылы жұртшылық пен қонақтар тіршілік атаулының жанданып, Жер-Ананың бұсанғанын, көктемнің алғашқы хабаршысындай болған бәйшешек гүлінің бүржарып, Табиғат-ананың ояну құбылысын көз алдымызға әкелді. Күн мен түннің теңеліп, барша тіршілік атаулының оянып, айналаны шуаққа, жылылыққа, мейірімге бөлейтін Наурыздың маңызы айрықша әспеттелді. Орталық алаңда орналасқан «Алтыбақан» ауылында жас толқын алтыбақанда тербелсе, қолөнершілердің он саусағынан өнер тамғандардың бұйымдары көрмеден орын алды. Сонымен қатар «Спорттық ойындар» ауылдарында спорттық ойындардан жарыс ұйымдастырылып, күштілер мен ептілер топ жарып, мерекенің сәнін келтірді. Бұл күні салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымыз барынша ұлықталып, мереке той-думанға айналды. Қаз-қатар тізілген киіз үйлер мен палаткалар жанында ақ жаулықты әжелер мен аналар ұлттық тағамдар пісіріп, өз Наурыз мерекесінің басты асы – наурыз көже жиналғандарға тегін таратылып, халық әндері әуеледі. Этномадени орталықтар мен аудан мектептерінің мерекелік бағдарламаларынан Ұлыстың ұлы күні барша қазақстандықтар үшін ортақ мейрам екені айшықталды. Наурыз мерекесінің соңында аудан орталығындағы мекемелердің бірігіп, арнайы мерекеге құрылған киіз үйлерге алдын ала арнайы құрылған комиссия бағасын берді.

Аудан бойынша барлық ауылдық округтерде Наурыз тойы тойланды. Ардагерлеріміз бен көпбалалы отбасыларына сый-сыяпаттар жасалды.

\*\*\*\*

Ал, Қарағаш ауылында Ұлыстың Ұлы күні ерекше аталып өтті. Абай ауылдық округі әкімдігі және «АстықСТЕМ» ЖШС-нің қолдауымен, жекелеген ел азаматтарының да



демеушілігімен үлкен жарыс «Көкпар» ұлттық ойыны өтті. Бұл іс-шараға Ақмола облысынан арнайы меймандар келді және Уалихан, Ақжар, Тайынша аудандары қатынасты. Сонымен қатар, палуандар да қатынасып, күш сынасты. Ән айтылып, қазақтың қара домбырасынан күй шертілген мерекелік іс-шараны қасиетті Қарағаш елі өте жоғары деңгейде өткізді. Ауыл тұрғындарының ауыл әкімі мен шаруашылық басшыларына, сонымен қатар, мектеп

әкімшілігі мен жергілікті кәсіпкерлерге, атап айтсақ: ЖК Қайдалина, ЖК Звольский, ЖК Құлтанов және ел азаматтары: Азамат Түтенов пен Бауыржан Әбділмановқа және басқа да мереке күні белсенділік көрсеткен осы елдің барша азаматтары жиналған қауымның алғысына бөленді десек, ол-шындық! Мереке күні айтылған тілектер қабыл болсын! Әз-Наурыз Құт-береке, молшылық әкелсін, еліміз көркейіп, гүлдене берсін!





• Адам. Қоғам. Дін.

# СӨЙЛЕУДЕГІ ПАЙҒАМБАРЛЫҚ НҰСҚАУЛАР

«Ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз»

Ж. Баласағұн

Адамның қоғамда өз орнын табуында, көпшілік құрметі мен сеніміне ие болуында, кемел ғұмыр кешуінде орнымен, дәмді, дәйекті сөйлей білу, тауып айтатын тапқырлығы үлкен рөл атқарады. Өйткені ақылы кемел, кісілігі зор, білімі мол, адам ғана солай сөйлей алады. Ондай дәмді, қисынды, қысқа қайыратын қызықты, айшықты да әділ сөзді халық ұйып тыңдап тұра сөз құдайы сөз деп тоқтаған.

«Өнер алды – қызыл тіл», «Аузы құлып сандықты тіс ашпаса, тіл ашады» деп тілді аспандата дәріптесе, енді бірде – «Басқа пәле – тілден», «Көнектей басыңа шүмектей тілің жау», «Айтылған сөз – атылған оқ», деп тірнектеп жиған абырой-беделіңді орынсыз айтылған сөздің айрандай қылып төгіп жіберетінін де айтқан. «Сөз қадірін білмеген – өз қадірін білмейді» деген халық «Құлаққа кірген суық сөз, көңілге барып мұз болар», «Таяқ еттен өтеді, сөз сүйектен өтеді» деп, сөз семсерін оңды-солды серпи берудің көңіл жаралайтынын, сондықтан, әрбір сөзге абай болуды меңзейді, сөзбен жұбатуда да, жылатуда да болады.

Жаратушы Иеміз Алла Тағала адам баласын сансыз нығметтерге бөлеген қасиетті Құран Кәрімде:

«Егер Алланың нығметін санайтын болсаңдар санына әсте жете алмайсыңдар», дейді. Сол сансыз ұлы нығметтердің бірі – сөйлеу нығметі. Сөйлей алу ұлы нығмет болса, тіл оның құралы.

Шындығында сөйлей алу, көкейіңдегі бүткіл сезімдер мен ойыңды екінші бір адамға жеткізу, Алланың адам баласына берген шексіз нығметтерің бір ғана көрінісі. Алла Тағала осы тілмен пайғамбарларды жіберіп, осы тілмен дінді жеткізген, осы тілмен біз иманға келеміз. Құран Кәрімде:

«Біз әр пайғамбардың қауымына ақиқатты ашып түсіндірсін деп, тек өз қауымының тілінде сөйлейтін етіп жібердік», – дейді.

Тіл Алла Тағаланың ерекше жаратылысы екені жайында: «Біз оған (көрсін деп) екі бірдей көз бермедік пе? (сөйлесін деп) бір тіл, қос ерін (бермедік пе)?», – дейді.

Тіл адамды басқа жаратылыстардан ерекшелетін негізгі белгі. Адамның ең басты ерекшелігінің бірі, төлқұжаты. Бұл жайында қасиетті Құранда:

«Рахман, (Алла)! (Адамдар мен жандарға) Құранды үйретті. Адамды (жоқтан) жаратты. Оған сөйлеуді үйретті», – деп келеді.

Бұл дүниеде біз тілге үкім етіп, иелік етсек қияметте ол біздің иелігімізден сусып шығып, Алланың әмірімен ғана сөйлейді. Бұл дүниедегі жаман-жақсы сөздеріміздіжіпке тізгендей етіп, алдымыздан шығарады, солайша біздің барар мәңгі мекенімізді айқындайды. Бұған қатысты аятта:

«Қиямет күні олардың тілдері нәм қол-аяқтары дүниеде не істеп не қойғанын жіпке тізгендей етіп айтып беріп, өздеріне қарсы куә болады», – делінген.

Адам баласы үшін тілдің өткірлігін жете түсінген бабаларымыз: «Ащы тілдің сахары жылан уынанда күшті», «Адамды төрге де, көрге де сүйрейтін сол байлаусыз тіл», «Тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді», «Он күнәнің тоғызы тілден екен» – деп, бекер айтпаса керек.

Айтылған сөз атылған оқ демекші айтқан сөзіңізді қайтарып ала алмайсыз. Отыз тістен шыққан сөз, отыз елге әп-сәтте-ақ тарап кетеді. Сол себепті тілін құрықтай білген, оған иелік еткен адам бұл өмірдің ұятынан, ақыреттің азабынан құтылары хақ.

Сөйлеу барысында мұсылман адам келесі нұсқауларды ескергені абзал:

## Бірінші: Сөздің ең жақсысын таңдау

Адамдармен сөйлескеніңде сөздің ең жақсысын таңдап, әсемдеп айтуың Алланың құзырында садақа бергенмен бірдей. Сол себепті екінші адамға айтар сөзіңдісыйлық ретінде сана. Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде:

«Тозақ отынан жарты құрма болсын садақа беріп сақтаныңдар, ол болмаса, жақсы сөз айтыңдар» – деген болатын.

## Екінші: Сөздердің анық, ұғынықты шығуы.

Сөйлеу барысында асықпай, аптықпай ойдың екінші адамға анық жетуі – сөйлеу әдебінен. Айтқан сөзің екінші адамға ой салатындай мағыналы да болу қажет. Айша анамыздан жеткен риуаятта Пайғамбарымыздың (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) сөйлеу мәнері жайында былай деген:

«Алланың Елшісі сөйлегенде сендер секілді сөйлемейтін, соңынан қайталаған адам жатап алатындай (сөзі ұғынықты, мағыналы) еді».

## Үшінші: Тыңдаушының деңгейіне сай сөйлеу.

Адам екінші бір адамға жауап бермес бұрын оның ойлау деңгейін, жасын, білімін, көңіл күйін, оған қатысты ұстанымын ескеруі тиіс. Бұл жайында Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

«Адамдармен ақыл деңгейлеріне сай сөйлеуге әмір етілдік».

## Төртінші: Айтылар мәліметтің дұрыстығына көз жеткізу.

Айтылар сөзі болжамға, негіз артпайды. Мұсылман алып-қашпа әңгімелерден, дұрыстығында күмән туғызатын мәліметтерден аулақ болған жөн. Алла Тағала қасиетті Құран

Кәрімде қоғам алдында пасықтығымен танымал болған адамдардың жеткізген хабарына мұқият болу керетігі жайында:

«Әй мүміндер! Пасық біреу хабар әкелсе, оны анықтаңдар. Әйтпесе, білмей бір елге кесірлерің тиіп, істегендеріңе өкінесіңдер».

Бесінші әділетті халифа деген атпен танымал Омар ибн Абдулазизге бір кісі келіп, әлде бір адам жөнінде жаман сөздерді айта бастайды. Сонда Омар: «Бұл айтқан сөздеріңді тексеріп көрелік. Егер өтірік айтқан болсаң: «Пасық біреу хабар әкелсе, оны анықтаңдар», – деген аятта айтылғанындай пасық адам болғаның. Егер сөзің рас болса: «Өте айыптағыш, өсек тасығышқа да (бой ұсынба)», – делінген адамдардансың. Ал егер сөзіңді қайтарып алдым десең, айтқаныңа кешіріммен қарауға әзірміз», – дейді. Сонда әлгі кісі: «Мені кешіріңіз мүміндердің әміршісі! Енді бұндай іске бармаймын» – дейді.

## Бесінші: Аз сөз – алтын, көп сөз – көмір.

Алла жолына шақыру, жақсылыққа үндеу, ілім беру секілді игі амалдардан өзге жағдайларда адам көп сөзден қашық болғаны жөн. Сөз көбейген кезде мейлі ол інжу-мәржанмен көмкерілсе де оның қадірі кетеді, көп сөзде өтіріктің орын алуы ықтимал. Ас тілді үйірерлік дәмді болса да шамадан тыс асыра желінсе, дәмі кетеді. Солсекілді сөз де көбейсе берекесі жойылады. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде көп сөйлеуден қашық болу керектігі жайында:

«Ақиқатында мүміндер тілегеніне жетті, олар намаздарында именіп тұратындар. Олар бос сөздер мен ойын сауықтан аулақ», – деп мұсылман адамның бос сөзден аулақ болатынын меңзейді.

## Алтыншы: Айтар сөзді ой елегінен өткізу.

Айтқан сөзің біреуге тікен болып қадалмау керек. Екінші бір адамның арына, намысына, рухани жарасын ашатын сөздерден аулақ болғаныңыз абзал. Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) бұл жайында:

«Мұсылман басқа бір мұсылманға қолымен тілімен зиян келтірмеген», – деген.

## Жетінші: Мәжілістегі ізеттілік.

Отырыста сенен жасы үлкен, ілімді, құрметті адам отырса, рұқсатпен сөйлегенің дұрыс болады. Ондай адамдар сөйлеген кезде сөзін бөлу, немқұрайлық таныту әдепсіз амалдардан. Пайғамбарымыз (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын) үлкендерді құрметтеу турасында:

«Кішілерімізге мейірімді болмаған, үлкендерімізге құрмет көрсетпеген адам бізден емес», – дейді. Қазақ нақылдарында бұл турасында: «Ата тұрып ұл сөйлегеннен без, ана тұрып қыз сөйлегеннен без», – деген.

## Сегізінші: Сөйлегенде күлімдеу.

Күлімдеудің сиқырлы күші бар. Күлімдеу – адам баласына материалдық та физикалық та қиындығы жоқ дүние. Күлімдеу – ішкі дүниеміздің сыртқа көрініс беруі. Күлімдеп жүрген адам ешқандай шығынға ұшырамайды. Күлімдеу аз ғана уақытты алады, бірақ кейде мәңгілікке есте қалуы мүмкін. Пайғамбарымыздың (Алланың оған салауаты мен сәлемі болсын): «Дін бауырының жүзіне күлімсіреуің, сен үшін садақа», – деген хадисі бар.

## Тоғызыншы: Тілдің тазалығы.

Тіл арқылы адам иманға келіп, кәлімә шәһәдәт айтып, мұсылман болса, сол тіл арқылы оның ластығы себепті күнәға батады. Пайғамбарымыз (Алланың салауаты мен сәлемі болсын)мүбарак хадисінде:

«Кімде-кім Аллаға және ақырет күніне иман келтірген болса, онда қайырлы сөз айтсын яки үндемесін», – деген. Сол себепті әр мұсылман екі елі ауызға төрт елі қақпақ қоя білген абзал. Өйткені, адамның сөйлеу мәнері оның қаншалықты мәдениетті адам екенін көрсетеді.

1 «Нәхл» сүресі, 18-аят.

1 «Ибраһим» сүресі, 4-аят

1 «Бәләд» сүресі, 8-9 аяттар.

1 «Рахман» сүресі, 1-4 аяттар.

1 «Нұр» сүресі, 24-аят Бұхари хадистер жинағы

1 Мұслим хадистер жинағы

1 Дәйләмидің хадистер жинағында келген

1 «Хужурат» сүресі, 6-аят;

1 «Қалам» сүресі, 11-аят;

1 Доктур Мұхаммад Мансур, «Әл-мұхтасару әл-муфиду фи тәрбияти ән-нафс», 27-бет;

1 Мүминүн сүресі, 1-3 аяттар.

# «ЖАС САРБАЗ» – ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІК СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

Әскери-патриоттық ойынның негізгі мақсаты – Отан сүйгіштікке тәрбиелеу, Отан алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру, Қазақстан халқының ұлттық, әскери және еңбек дәстүрлерін жалғастыру. Жалпы ойын-негізінде келесідей жарыс түрлері бойынша өткізіледі: **сап түзеу және ән байқауы; ату; викторина;** Ойын өткен күні Жас ұландардың киім үлгісі де ерекше болады. Парад киімі -қара шалбар, әскери көйлек (немесе ақ көйлек), қара түсті аяқ киім.



Сап түзеу және ән байқауы негізгі осы ойын шарттары. Сондықтан қатысушылар ұжымдық іс-әрекеттер бөлімше құрамындағы үйлесімділік, бөлімшенің сапқа тұруы, сыртқы көрінісі, саптық жаттығулар, екі қатарға сапқа тұру, ән мен саптық байқауға дайындығы туралы бөлімше командирінің рапорты, сәлемдесуге қайтарған жауаптары, бір орында және қозғалыстағы бұрылулар, жауынгерлік сәлемдесу рәсімі және ән айтып өту – жас сарбаздардың асқан шеберлігін бірден байқатады.

Тайынша аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы подполковник А.Мұхамбетовтың басшылығымен жыл көлемінде ауданның барлық білім ошақтарында түрлі патриоттық тақырыпта іс-шаралар өтеді. Соның бірі- жақында қаладағы №4 мектепте өткен «Жас сарбаз» әскери – патриоттық ойын болды. «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы М.Хамзин мырза осы мерекелік іс-шараға қатынасып, жасөспірімдер алдында өз ойын ортаға салды. Алғашқы әскери дайындық жөніндегі инспектор Арғынбек Ақтайлақұлы да атқарылған жұмыстар жайында ақпарат берді.

Дәстүрлі «Жас сарбаз» жиынына аудан көлеміндегі барлық білім ошақтарының әскери дайындықтың оқытушы-ұйымдастырушылары қатынасты. Мұндай жиындар мен әскери алғашқы білім дәрістерін алу, келешек ұрпақ үшін өте маңызды. Өйткені сол мектепте алған тәрбиеден, алғашқы әскери білім мен қатаң әскери дайындықтан кейін, еліміздің қорғаны ер азаматтар мен қайсар қыздарымыз келешекте өз отбасының ғана емес, өз елінің қорғаны болары сөзсіз!



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

Зеленогай ауылында орналасқан Мешітке тиісті барлық заңдықжаттарының жоғалуына байланысты құжаттар Жарамсыз деп танылсын.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -  
Бас редактор  
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 104. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй.  
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:  
8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.